

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.49

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.14>И.А. ТУРЛЫБЕКОВА¹ Ж.Т. ОСПАНОВА² С.С. НУРКЕНОВА³ 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,3}
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан²
(e-mail: turlybekova.inkar@gmail.com¹, zhanna19@list.ru², nurkenova_S@mail.ru³)

СӨЙЛЕУ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН СИПАТТАЙТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МЕТАФОРА ТҮРЛЕРІ (Т.СӘУКЕТАЕВТЫҢ «МЕН – ЖЫНДЫМЫН» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Фразеологизмдер халық даналығын, ұлттық ақпаратты, мәдениетін ұрпақтарға жеткізетін тілдік бірліктер. Әлем бейнесін сипаттауда жазушылардың қолындағы фразеологизмдер өзіндік стильдің нышаны болып, авторлық тілді жандандырып нәрлендіре, негізгі кейіпкердің сөйлеу сипаттамасын жасауда тиімді жарқын құралға айналады. Аталған мақалада сөйлеу-мінез құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің прозада қолданылу формалары қарастырылған. Сөйлеу-мінез құлқын білдіретін фразеологизмдер ретінде әңгімені жүргізу тәсілін және мазмұнын, әңгімені жалғастыруды, бастауды қаламауын сипаттау үшін қолданылатын фразеологизмдерді қарастырамыз.

Әр көркем мәтінде бір дәуірге тән, сол кезеңде пайда болған, ұрпақтарға жететін рухани байлық пен халық шығармашылығы, мәдениеті көрініс табады. Зерттеуге алдымен, сөйлеу мінез-құлқы фразеологизмдері фразеологиялық сөздіктерден таңдалып алынды. Мақалада сөйлеу мінез-құлқын көрсететін фразеологизмдердің арасынан әңгімені қаламауды, әңгіме жүргізу тәсілін және әңгіменің мазмұнын сипаттайтын фразеологизмдер таңдалып алынды.

Зерттеуге сөйлеу мінез-құлқы фразеологизмдері траги-комедиялық жанрда жазылған, заманымыздың танымал жазушысы Тұрысбек Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романынан жинақталды. Романда заманымыздың өзекті мәселелері шеберлікпен суреттеліп, түрлі тұстан сипатталады. Мақалада сөйлеу мінез-құлқы фразеологизмдерінің мағынасы қарастырылады.

Бұл жұмыста лингвист А.П. Чудиновтың метафораларды топтастыруына сүйене отырып, Т. Саукетаевтың романындағы сөйлеу мінез-құлқын білдіретін, метафоралардың белгілі бір түрлеріне жататын, фразеологиялық бірліктер анықталды.

Зерттеудің мақсаты аталған әдеби шығармада кездескен сөйлеу-мінез

құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Түйін сөздер: фразеологизм, метафора түрлері, метафора, сөйлеу, бейне.

Кіріспе. Фразеологизм – бұл тек бір тілге тән сөздердің тұрақты тіркесімі, оның мағынасы оған кіретін сөздердің мағынасымен анықталмайды. Фразеологизмдердің басқа тіл бірліктерінен ерекшелігі олардың құрамындағы сөздердің жеке мағынасының жиынтығы бір тұтас фразеологизмнің мағынасын көрсете алмауында.

Соңғы жылдары әдебиетімізде тақырыбы жағынан өзгеше, алуан түрлі жанрда жазылған туындылар көбеюде. Отандық 21-ғасыр әдебиетінде жанрлар түрленіп, өзіндік айтулы тақырыптар кең өріс тапты. Солардың арасында Тұрысбек Сәукетаевтың шығармаларындағы негізгі кейіпкер ауыр өмірімен оқырманның зейінін өзіне тартады. Бұл кейіпкер жиынтық кейіпкер, яғни қоғамдағы әрбір адам Тұрысбек Сәукетаевтың кейіпкерлері бойынан өз өмірінің бір қиырын, басынан өткен бір сезімін көреді. Тұрысбек Сәукетаев еңбегі көп тақырыпты қамтитын проза саласында жазылған. Жазушылық стилі ерекше, басқаларға ұқсамайтын дара шығармашылығымен айшықталатын Тұрысбек Сәукетаевтың прозасында кейіпкерлер көпті басынан өткізген түрлі қырлы болып сипаттала өзіне баурайды. Тұрысбек Сәукетаев еңбектерінде түрлі адамдардың өмірлері сипат алады. Бұл романның өзіндік даралана келетін түпкі мәні ерекше. Романда әлеуметте орын алатын көкейкесті мәселелер шебер суреттеледі. Адам өміріндегі өтірікшілік, әділсіздік сияқты жағдайлар автордың бейнелеуінен тыс қалмайды.

Жазушының «Мен – жындымын» романы – бүгінгі күннің қат-қабат оқиғасы мен қилы тағдыр иелерінің арман-үміті сыйдырылған кең тынысты көркем туынды. Ондағы әрбір кейіпкер бейнесі астарында мыңдаған адам тағдырының иірімдері жинақталған. Роман 2016 жылы жарық көріп тез арада оқырмандардың ықыласына ие болған. Роман «Алтын қалам» конкурсында «Үздік роман» атанған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Алдымен фразеологизмдердің мәнін анықтап алайық. В.А. Маслованың пайымдауынша фразеологизмдер дегеніміз «этникалық, әлеуметтік, тарихи, ғылыми және т.б. тұрғыдан дүниетанымның детерминистік категорияларын сипаттайтын тілдік формалар жиынтығы» [1, 49].

Фразеологизмдер – ерекше бейнелер жасай алатын, сөйлеуді безендіріп халық ділі мен мәдениеті жайлы қайталанбас ақпарат беретін тілдік бірліктер. Жазушылар ойларын ерекше түрде жеткізу және фразеологизмдердің экспрессивті мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында тіркестердің өзгертілген нұсқаларын ұсынады. Фразеологизмдерді шығармашылық өңдеу әдеби туындыға жаңалық пен даралық береді. Фразеологизмдерді мақсатты өзгерту

каламгердің мол тілдік тәжірибесінің болуын ғана емес, сонымен қатар жинаған тәжірибесін өз шығармашылығында бейнелеуге ұмтылысын көрсетеді. Н.М. Шанскийдің пайымдауынша: «стилистикалық мақсатта фразеологизмдер өзгеріссіз де өзгерген түрде де, өзгеше мағынамен, құрылыммен және жаңа экспрессивті-стилистикалық қасиеттерімен қолданыла алады» [2, 149].

Фразеологизмдер метафоралармен тығыз байланысты. Метафоралар сөйлеушілер санасында пайда болатын ұғымдық сфералар арасындағы бірінші ұғымның екінші ұғымға ұқсас болып келетін формулаларының байланыс схемасы болады.

Метафора түрлерін топтастыру арнайы басылымдарда қарастырылған. Метафоралар туралы еңбектер Джордж Лакофф және Марк Джонсонның «Метафоры, которыми мы живем» жұмысынан бастау алады. Зерттеушілердің қорытындысы бойынша: «Метафора тілдің тек бір саласымен, тіл сферасымен ғана шектелмейді, яғни адамның ойлау үрдісінің өзі айтарлықтай дәрежеде метафоралық. Адамның ұғымдық жүйесі метафоралық түрде реттеліп анықталады. Метафоралар адамның ұғымдық жүйесінде болуының себебінен ғана тілдік бірліктер ретінде қызмет атқарады» [3].

Зерттеуге үлкен мүмкіндік бере алатын А.П. Чудинов ұсынған метафора түрлерінің топтастырылуын қолданамыз. Атап айтсақ, антропоморфты, натуроморфты, социоморфты және артефакты метафоралар. Аталмыш классификацияға сүйене отырып, романда кездескен фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. Анатолий Прокопьевичтің метафора түрлерінің топтастырылуының негізінде романдан фразеологизмдердің келесі мысалдары анықталды. Антропоморфты метафора. Бұл метафора түрі бойынша адам әлемді өз бейнесімен байланыстырады, яғни антропоморфты метафора жанұя, сырқат туралы сөздері бар және сомативті фразеологизмдерде байқалады [4, 94]. Нақтырақ айтқанда, ауыз, жақ, өлім сөздері кездескен келесі мысалдар анықталды:

Аузы-аузына жұқпау фразеологизмі тоқтамай, үстіңгі жағымен астыңғы жағы бірі-біріне тимей сөйлеуді бейнелейтін образ негізінде пайда болған. Аталған фразеологизм аузым аузыма жұқпайды деп берілген тәуелділік формасында бірінші жақта қолданылып тұр.

Аузына сөз түспеу сөз айта алмай тоқтап қалу мағынасын білдіреді. Бұл фразеологизм аузыма түспейтін деп берілген тәуелділік формасында қолданылып тұр.

Жағы қарысты фразеологизмі тіл қатпады мағынасын білдіреді. Автор фразеологизмді жағым қарысып деп жіктелген тәуелділік формасында бірінші жақта қолданып тұр.

Автор жұмысында қарғанып-сіленіп қиыла сөйлеу мағынасын жеткізу үшін **өлердегі** сөзін айтқан фразеологизмін қолданған.

Натуроморфты метафора. Келесі метафора түрі атауынан белгілі болғандай, табиғатқа қатысты концептер, яғни жануарлар, өсімдіктер, табиғат құбылыстары атауларымен байланысты пайда болған.

Аузың желдей еседі фразеологизмі өтірік сөзге құмар, тез сөйлейтін адамды сипаттау үшін қолданылады. Автор «қазақ болсақ та **желдей** есіп, тек орысша сөйлейміз» сөйлемінде сөйлеуді жел сияқты жылдам болатынын сипаттау мақсатында «аузың желдей еседі» фразеологизмін қысқартып қолданған.

Аузына құм құйылды фразеологизмі сөзін айта алмай қалу мағынасын білдіреді. Мәтінде бұл фразеологизм ауызға **құм** құйдық деген бірінші жақ көпше түрде қолданылған.

Жаманшылық төндіру, қорқыта сөйлеу мағынасын білдіретін қара аспанды суға алдыру/жаудыру фразеологизмі автордың жұмысында қара **аспанды** төндіресің де отырасың!.. деп берілген екінші жақ формасында тұрған нұсқада қолданылған.

Социоморфты метафора. Бұл метафора бойынша адам әлемді қоғаммен байланысу негізде бейнелейді. Достық, махаббат, қызғаншақтық және т.б. концепттерінде социоморфты метафора көрінеді.

Артефакты метафора. Осы метафора бойынша адам өз қолымен жасап шығарған заттар негізінде өзін көрсете алады.

Жүзін сыртқы факторлардан қорғап жүруге арналған зат атауы негізінде пайда болған **бетпердесін** ашты (жұлды, жыртты, сыпырды) фразеологизмі құпияны жария ету мағынасында қолданылады. Автор фразеологизмнің біршама өзгертілген түрін бетпердесін жұлып алғандай фразеологизмін қолданған.

Автор, ештеп сездіру мағынасын білдіретін шет жағасын (шет-пұшпақтап) айтты; шетін көрсетті (шығарды) фразеологизмінің шет-**пұшпақтап** әңгімесін суыртпақтады деген нұсқасын қолданған. Пұшпақтау сөзі жануардың табанынан киім тігу мағынасын білдіреді.

Қаламы өткір фразеологизмі тілі шыншыл мағынасын білдіреді. Автор жұмысында фразеологизмнің «**қаламының** ұшынан у боп тамуы» деген нұсқасын қолданған.

Нәтижелер. Фразеологизмдер ұлттың тіл бейнесінің ажырамас бөлігі болатын өзін-өзі таңуының айнасы мен микроәлемі. Т. Сәукетаевтың шығармасынан үздіксіз іріктеу әдісі көмегімен 30 сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизм және 3 метафора түрі (оның ішінде 10 мысал) анықталды. А.П. Чудиновтың метафораларды топтастыруына сүйене отырып романдан сөйлеу мінез-құлқын білдіретін фразеологизмдердің келесі түрлері анықталды: антропоморфты метафора, натуроморфты метафора, артефакты метафора. Романда кездескен метафора түрлері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте -1. Романда кездескен метафора түрлері

1	Антропоморфты метафора	аузым аузыма жұқпайды, аузыма түспейтін, жағым қарысып, өлердегі сөзін айтқан
2	Натуроморфты метафора	желдей есіп, ауызға құм құйдық, қара аспанды төндіресің де отырасың!..
3	Артефакты метафора	бетпердесін жұлып алғандай, шет-пұшпақтап әңгімесін, суыртпақтады қаламының ұшынан у боп тамуы

Социоморфты метафора мысалдары зерттеу материалымызда байқалған жоқ.

Метафора әдеби шығармаға өзіндік ерекшелік береді. Лингвист ғалымдардың пайымдауынша метафора объектінің белгісіз жақтары мен қасиеттерін көрсете алады. Метафора әлемді тану мен сипаттауда маңызды функцияны атқаратын адам ойлауы мен тілінің құбылысы. Метафора негізінде белгілі бір сала туралы жаңа түсінік пайда болады және осы бұрын болмаған ақпаратты игеру әлем туралы бүкіл дәстүрлі білім жүйесін кеңейтіп тереңдетеді және қайта құрады [8, 162].

Роман мәтінінде түрлі тілдік құралдардың кездесуі кейіпкерлердің бейнесін толық ашуға көмектеседі. Мәселен тіл білімі саласындағы бірқатар зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, мәтін адамның жеке басының құндылықтарын сақтап отырып, бейнелеп жеткізеді, ал адамның өзі құндылық болып саналады [9, 225].

Жазушы қандай да бір ұлт өкілі болғандықтан, ұлтының әлем бейнесін өз шығармасында көрсете алады. Мысалы, Abdikerimova G., Duisekova K., Bissenbayeva Z. лингвист ғалымдарымыздың пікірінше, ұлттың тілі сол ұлттың әлем бейнесін көрсетеді. “The linguistic picture of the world differs from the actual reality of the world. In a particular language, there is an unspoken collective agreement of speakers (users of the language) to express their thoughts in a certain way” [10, 76].

Т. Сәукетаевтың романында кездескен фразеологизмдердің өзіндік қасиеттеріне және қолданылу ерекшеліктеріне көңіл аударып отырып, монолог пен диалогтарда кездескен фразеологизмдердің мысалдарын толығырақ қарастырайық:

Телевизор көретіндердің бәріне таныс, мәжіліс сайын **суырылып сөйлеп** тұратын сарнауық бір сенатормен бірге түскен суретін үлкейтіп жайманың бір шетіне сүйеп қояды [5, 34]. **Суырылып сөйлеу** фразеологизмі ағылып, жеткізе ойын еркін айту мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

«Кәне, **ашық ауыз** қайсың барсың, кел бері» дегендей сусылдап, сұңқылдап, сумаңдағанда **аузым аузыма жұқпайды** [5, 39]. **Ашық ауыз** фразеологизмі не болса, соны айта салатын жеңіл мінезді кісі; аңқау, момын адам мағынасын білдіреді. **Аузы-аузына жұқпау** фразеологизмі тез, жылдам сөйлеу; араға сөз тасу, өсек айту мағынасын білдіреді. Фразеологизм автордың монологында

қолданылған. Негізгі кейіпкер өзіне-өзі сұрақ қойып ойын сипаттайды.

Оған титтей де қорланбаймын, шайқалған, шатасып кеткен мидан қабір жөні **түзу сөз** шығушы еді ... [5, 42]. **Түзу сөз** фразеологизмі шын, әділ сөз мағынасын жеткізеді [6, 692]. Фразеологизм негізгі кейіпкер монологында қолданылған.

Мал үшін **тілін безеп**, жанын сатқан өлеңшілерден жиіркенуші едім, бұл күнде солардың тұқымы қаулап өспесе, өшпеген екен, жүдә [5, 45]. **Тілін безеді** фразеологизмі тілі мен жағына сүйенді мағынасын білдіреді.

Аруақты, **асыл сөз** өлген [5, 45]. **Асыл сөз** фразеологизмі бағалы сөз, ақылды пікір мағынасын білдіреді. Бұл фразеологизм негізгі кейіпкердің қиялынан туған елеспен болған диалогында қолданылған.

Қайран «улы сия, **ащы тілім-ай**», мені жаз деп анталап тұрған дүния қаншама, тауды бұзған тасқындай төгіп-төгіп алар ма ем! [5, 45]. **Ащы тіл** фразеологизмі өте ауыр, қатты айтылған кейіс сөз мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің қиялынан туған Қара шал елесімен болған диалогында кездеседі.

Әлдебір сиқырлы сыбыр құлағыма жеткендей, қара шалдың күбірі ме, күңгірі ме... өмірі **аузыма түспейтін** түйдек-түйдек тосын ойлар, қиюын тауып сыңғырлап тұрған небір көркем теңеу, келісті сөйлем, сөзбен салынған сырлы сурет... [5, 46]. **Аузына сөз түспеу** фразеологизмі ең дәл, қажет керек кезде әрекетсіз, қимылсыз бос қалу, сөз таба алмай қалу, бөгеліп қалу мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Сенімен жиырма жыл емес, жиырма күн бірге тұрған негрдің өзі қазақша **судай жорға** боп кетер! [5, 49]. **Судай жорға** фразеологизмі тілге жүйрік, шешен мағынасын білдіреді. Фразеологизм бас кейіпкер Тауфих пен жұбайының арасындағы диалогта кездеседі. Тауфихтің жұбайы Жәния орысша білім алса да, қазақша кітапты түсіне алатынын меңзеп **судай жорға** тіркесін қолданып айтады.

- Дұр-е-ес, үрген бір **ауызға құм құйдық** де! – дедім екі жағы лықа толтырылған парақты жігітке қарай үстелдің бетімен сырғытып жатып [5, 83]. **Аузына құм құйылды** фразеологизмі сөзден жым болды, жағы қарасты, сөз айта алмай қалды мағынасын білдіреді. Фразеологизм бас кейіпкер Тауфих пен Органда қызмет істейтін жігіт арасындағы диалогта кездеседі. Негізгі кейіпкер **ауызға құм құйдық** тіркесін қолданып айтады.

Алаяқ-пысықайлар қиыннан қисын тауып, сәруардың сөзін жазатын, аузына сөз салатын суплерлер арқылы өз атын **дуалы ауызға** бір іліктірсе - бітті, жұлдызы жарқырады дей бер [5, 84]. **Дуалы ауыз** фразеологизмінде айтқанын екі етпейтін, беделді кісі туралы айтылады. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Аулымызда бір орыс болмаса да шетімізден орысшаға «ағып» **тұрмыз**, әсіресе боқтық сөзге келгенде [5, 87]. **Ағызып [ағылып] сөйледі** фразеологизмі

тілі жүйрік мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Осы ауылдағы «Рыбнадзордың» жалғыз «ГАЗ-53»-ін гүжідетіп айдайтын Тоқтарғали **орысшаға судайдың** бірі болатын [5, 88]. **Су (судай) жорға** фразеологизмі тілге жүйрік, шешен мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Концерттің өзі емес, сол күнгі болған төбелестің қызығы көпке дейін **жыр болып ауызда жүретін** [5, 91]. **Жыр болды** фразеологизмі жұрт арасында аңыз, әңгімеге айналды мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Бұл енді **көз көріп, құлақ естімеген** керемет [5, 92]. **Құлақ естімес, көз көрмес жер (әңгіме)** фразеологизмі бұрынды-соңды болып көрмеген, болмаған, кездестірмеген әңгіме мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Төбеден ұрғандай дүңк еткізіп ойындағысын төтесінен қойып қалады [5, 97]. **Төбеге ұрғандай** фразеологизмі кенеттен, аяқ астынан жайсыз хабарды есту деген мағынада қолданылады [7, 322]. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Бір қызығы, ол **ләм-мим деп** тіл қатпаса да ішіндегі ойын ап-айқын естіп тұрғандаймын [5, 105]. Аудармасы туралы **ләм-мим** [5, 108]. **Ләм (ләм - мим) демеді** фразеологизмі үндемеді, сөйлемеді, сөз (тіл) қатпады (қата алмады), бір ауыз сөз қатпады (айтпады) (жұмған аузын ашпады) мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Мал бермек оңай ма, Гер-ағаның сөзі бұрын өзім аңғармаған қорқыныштың **бетпердесін жұлып алғандай** жаным дызақтап, салған жерден журнал редакциясына жүгірдім [5, 109]. **Бетпердесін ашты (жұлды, жыртты, сыпырды)** фразеологизмі құпиясын жарыққа шығарды, әшкере етті мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Оттай бермеші, - деймін қалай ақталарымды білмей қызараңдап [5,103]. Бүйтіп **оттай беретін** болсаң, өзім-ақ апарып жыңдыханаға тығамын! [5,110]. **Оттамай отыр!** фразеологизмі кейіс сөз, былшылдап, не болса соны соғып сөйлемей отыр, аузыңа келгенді соқпай (сөйлемей) жайыңа отыр, тек отыр мағынасын білдіреді. **Оттай бермеші** фразеологизмі бас кейіпкер Тауфих пен жұбайының арасындағы және **оттай беретін** болсаң фразеологизмі Тауфих пен редактор арасындағы диалогта кездеседі.

Кинодағы Ленин бабамыз сияқты қолымды үсті-үстіне сермеп қойып, сағаттар бойы **қызылсөзді қызыл желдей сапыруға** бармын [5, 198]. **Судай сапырды (төгіп шайқады, пашты)** фразеологизмі оңды-солды жапыра сөйледі мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Біз деген, міне, қазақ болсақ та **желдей есіп**, тек орысша сөйлейміз [5, 211]. **Аузың желдей еседі** фразеологизмі алыпқашпа сөзге құмар, тым сөзуар

мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Жағым қарысып, тыныс алуым қиындап, енді болмаса өлуге шақ қалғанда, суішкілігім бар екен, бір бұраңбел бикеш патша жаяу баратын жайға асығыс кіріп кетіп еді, атып шығып:

- Бізді бітеу дей ме! – деп, кеңірдегіме кептелген рулонды жұлып алғаны тәңір жарылқағыр [5, 218]. **Жағы қарысты** фразеологизмі үні өшті, тіл қатпады, дыбыс бермеді мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Ыстық, қара шайды сораптап қойып, тарыққан жанның шарасыздығымен естір құлаққа мұң шағып, сыр бөліскісі келгендей **шет-пұшпақтап** әңгімесін суыртпақтады [5,244]. **Шет жағасын (шет - пұшпақтап) айтты; шетін көрсетті (шығарды)** фразеологизмі ептеп сездірді, жеткізді мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

- Аузыңнан бір жақсы сөз шықса ше, **қара аспанды төндіресің де отырасың!..** [5,251]. **Қара аспанды суға алдыру/жаудыру** фразеологизмі жаманшылық шақыру, төндіру, қорқыта сөйлеу деген мағынада қолданылады. Фразеологизм бас кейіпкер Тауфих пен бірге жұмыс істейтін Өмірзақ арасындағы диалогта кездеседі.

Кейбіреулері **дегбірсізденіп айғай салады**:

- Көптен бергенді доғарыңдар [5,251]. **Дегбірі қашу** фразеологизмі тыныш таппау, мазасыздану, берекесі кету мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.


Қыза бастаған **қысыр әңгімені** конференсьенің микрофоннан гүрілдеген даусы бөліп жіберді: - Енді жырға кезек берейік [5,262]. **Қысыр әңгіме (кеңес, сөз)** фразеологизмі берекесіз, түйінсіз, еріккеннен айтылатын бос сөз мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Қоғамға, әділетсіздікке деген қарсылық жазушының жүрегінде қайнап, **қаламының ұшынан у боп тамуы** керек [5,270]. **Қаламы өткір** фразеологизмі тілі өткір, тілі дәл, шыншыл мағынасын білдіреді. Фразеологизм бас кейіпкер Тауфих пен жазушы Әбе арасындағы диалогта кездеседі.

Ары қарай **сөзді сабақтап**, ішін ашқысы келмеді ме, теріс айналып кетті [5,272]. **Сөздің созаңын сабақтады, сөзін сабақтады** фразеологизмі әңгімесін ұзата жалғастырды мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкердің монологында қолданылған.

Сақалды басымен Тәкең **өлердегі сөзін айтқан** соң алып ем, мұндай делқұлы екенін қайдан білейін [5, 276]. **Өлердегі сөзін айтты** қарғанып-сіленді, таусыла, қиыла сөйледі мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізгі кейіпкермен базар бастығының арасындағы диалогта қолданылған.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылай өтсек. Зерттелініп отырған романдағы диалогтарда он фразеологизм, ал монологтарда жиырма фразеологизм кездесті.



Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, романдағы фразеологизмдердің ішінен монологтарда кездескен мысалдардың саны басым болып, фразеологизмдердің көбіне монологтарда қолданылғандығы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде романда келесі соматизмдер кездесті: тілін безеп, ащы тілім, ауызға құм құйдық, ашық ауыз, аузым аузыма жұқпайды, аузыма түспейтін, дуалы ауыз, жыр болып ауызда жүретін, көз көріп, құлақ естімеген, төбеден ұрғандай, бетпердесін жұлып алғандай, жағым қарысып. Осы анықталған фразеологизмдер Duisekova K., Issabekova S., Zagidullina A., Beysembayeva G., Bakitov A., Ziak P. пікірінің дәлелі болады. Аталған ғалымдардың пайымдауынша, ежелгі уақытта адам қоршаған әлемді дене мүшелерімен өлшеген. Осылай экстралингвистикалық және ұлттық факторларға байланысты қалыптасқан соматизмдер көмегімен адамдар өз ойларын және сезімдерін бейнелі түрде толық жеткізген [11,255].

А.О. Тоқсамбаева атап өткендей, отандық проза заман ағымынан қалыс болмай, өзіндік қызық оқиға желілерін негізге алған туындылармен толысуда [12,189]. Т.Сәукетаевтың романы қазақ проза тарихындағы жаңа бетбұрыс бола алады. Қызықты оқиғаны өрбіткен автор туындысы оқырмандардың жүрегінен орын алып, жиі оқылатын романдардың бірі болды.

Әдебиеттанушы А.Е. Алимбаевтың пайымдауынша: «адамның өмірі, тіршілік құпиясы мен өлім сыры – мәңгілік өзектілігін жоймайтын тақырып» [13,168]. Осы сияқты Т. Сәукетаевтың романында да ең маңызды тақырыптардың бірі – адам өмірі түрлі қырларынан сипатталған. Автордың романын қолына алған оқырман, роман кейіпкерлерінің қуанышының, бақытының, қайғысы мен мұңының куәгері болады.

Зерттеліп отырылған Т. Сәукетаевтың романы тек қана тартымды оқиға желісімен ғана өзіндік тың шығарма емес, сонымен қатар тілді әсерлеп жеткізетін тұрақты тіркестерге де бай еңбек. Г.С. Райнбекованың пікірінше, көркем шығарманың маңызы сол туындыдағы алуан түрлі тілдік құралдар

көмегімен артады. Сол тілдік құралдардың бірі фразеологизмдер міне сондықтан ұлттың тілін өзгеше жаңдандыруға әсерін тигізеді [14, 113].

Фразеологизмдер құрамындағы сөздер халықтың тұрмыс тіршілігінің айнасы ғана емес, сонымен бірге халық мәдениетін, наным-сенімдерін бейнелейді. Мәселен, роман мәтінде бірнеше рет кездескен құрамында «су» сөзі бар фразеологизмдер (судай жорға, қара аспанды суға алдыру/жаудыру), тіршіліктің көзі болатын судың халық өміріндегі маңызды орнын көрсетеді. Бірқатар филолог ғалымдарымыздың зерттеуіне сүйенсек, түрік халықтарында тазалықтың бейнесі ретінде саналған – су, молшылықпен қайта жаңданудың белгісі болып, қасиетті сипатқа ие [15, 114].

Қорытынды. Фразеологизмдер бір синтаксистік семантикалық қызметі бар экспрессивті бірліктер. Фразеологизмдер түрлі ұлттардың этикалық ойын, діні мен мифологиясын паш ететін әлемді сипаттайтын тұрақты тіркестер. Осы себептен фразеологизмдер сөйлеу-мінез құлқымызда маңызды орын алады. Шебер таңдалған фразеологизмдер кез-келген шығарманы ерекше әрлендіре жаңдандырып жібереді. Міне аталған себептердің негізінде фразеология тіл білімі үшін қазіргі таңда қарқынды зерттеліп жатқан өзекті салалардың бірі бола береді. Келешекте қазіргі заманғы романдардағы фразеологизмдердің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында зерттеуімізді бірнеше тіл негізінде кеңейту жоспарда.

Метафора түрлерінің топтастырылуы негізінде анықталған метафоралар (антропоморфты метафора, натуроморфты метафора және артефакты метафора) «Мен – жыңдымын» романының авторының метафоралық дүниетанымының ерекшелігін көрсетеді, осылайша ойлау процесстері метафоралық болып, адамның тұжырымдамалық жүйесі метафоралық түрде анықталған және реттелген болатындығы дәлелденеді.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
2. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М.: Высшая школа, 1985. – 160 с.
3. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 253 с.
4. Чудинов А.П. Когнитивно-дискурсивное исследование политической метафоры. Вопросы когнитивной лингвистики. – № (001) 2004. – С. 91-105. <https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivno-diskursivnoe-issledovanie-politicheskoy-metafory>
5. Сәукетаев Т. Мен – жыңдымын. Әжуа аралас мұңлы роман. Тұрысбек Сәукетаев. – Алматы: ИП Волкова Е.В., 2019. – 288 б.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
7. Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Г. Смағұлова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 398 б.
8. Osanova Z., Tolybayeva K., Nurkenova S., Duisekova K., Baltabayeva G. Lingua and culture study research on indirect communication cognitive metaphor // *Xlinguae*. –

13(2). – P. 157-165. doi:10.18355/XL.2020.13.02.13. http://xlinguae.eu/2020_13_02_13.html

9. Kozhakhmetova A., Ospanova Z., Mussatayeva M., Bissenbayeva Z. Axiological concepts of journalistic texts (lingua-stylistic analysis) // Xlinguae. – 13(2). – P. 225-234. doi:10.18355/XL.2020.13.02.19. http://xlinguae.eu/2020_13_02_19.html

10. Abdikerimova G., Duisekova K., Bissenbayeva Z. The value dominant “Laicite” as part of the media picture of the world of France // Xlinguae. – 13(1). – P. 75-85. doi:10.18355/XL.2020.13.01.06. http://xlinguae.eu/2020_13_01_06.html

11. Duisekova K., Issabekova S., Zagidullina A., Beysembayeva G., Bakitov A., Ziak P. Structural and functional types of lexical units, their expressiveness. [Types structurels et fonctionnels des unités lexicales, leur expressivité] // Xlinguae. – 14(4). – P. 254-263. doi:10.18355/XL.2021.14.04.17. http://xlinguae.eu/2021_14_4_17.html

12. Тоқсамбаева А.О. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №3/2022. – Астана, 2022. – Б. 188-197. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18>

13. Алимбаев А.Е. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі ғұмыр философиясы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – № 1/2023. – Астана 2023. – Б. 167-179. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.13>

14. Райнбекова Г.С. Фразеологизмдердің контексте көріну ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – № 1/2023. – Астана, 2023. – Б. 113-128. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.09>

15. Аймұхамбет Ж.Ә., Миразова М.Н., Алимбаев А.Е. Әпсаналардағы «қасиетті су» туралы мотивтердің поэтологиясы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №3/2022. – Астана, 2023. – Б. 113-124. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.11>

16. Зайкенова Р.З., Шарап А.У. Тұрысбек Сәукетаевтың «Мен – жыңдымын» романындағы бүгінгі заман мәселелері // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – № 1(85). – 2021. – Б. 115-123.

И.А. ТУРЛЫБЕКОВА, С.С. НУРКЕНОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Ж.Т. ОСПАНОВА

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана,
Казахстан

ВИДЫ МЕТАФОР И ОСОБЕННОСТИ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ, ХАРАКТЕРИЗУЮЩИХ РЕЧЕВОЕ ПОВЕДЕНИЕ (НА ОСНОВЕ РОМАНА Т. САУКЕТАЕВА «Я – СУМАСШЕДШИЙ»)

Аннотация. Фразеологизмы – это языковые единицы, передающие народную мудрость, национальную информацию, культуру последующим потомкам. При описании картины мира фразеологизмы под пером писателей становятся символом своеобразного стиля, оживляют авторский язык, становятся эффективным ярким инструментом в создании речевого описания главного героя.

В данной статье рассмотрены формы употребления фразеологизмов, характеризующих речевое поведение в прозе. В качестве фразеологизмов, выражающих речевое поведение, мы рассматриваем фразеологизмы, используемые для описания содержания, способа и ведения разговора, нежелания продолжать и начинать разговор.

В каждом художественном тексте отражается духовное богатство и народное творчество, культура, присущая одной эпохе, возникшая в тот период, достигающая поколений. Для начала исследования были выбраны фразеологизмы речевого поведения из фразеологических словарей. Среди фразеологизмов, отражающих речевое поведение, в статье были выбраны фразеологизмы, характеризующие нежелание вести беседу, способ ведения беседы и содержание разговора.

В исследование включены фразеологизмы речевого поведения, написанные в трагикомедийном жанре, из романа известного писателя современности Турысбека Саукетаева «Я – сумасшедший». В романе виртуозно проиллюстрированы актуальные проблемы современности и описаны различные моменты. В статье рассматривается значение фразеологизмов речевого поведения.

В данной работе, опираясь на классификацию метафор лингвиста А.П. Чудинова, выявлены фразеологизмы, обозначающие речевое поведение в романе Т. Саукетаева, которые относятся к определенным видам метафор.

Цель исследования – показать специфические особенности фразеологизмов, характеризующих речевое поведение, встречающееся в данном литературном произведении.

Ключевые слова: фразеологизм, виды метафор, метафора, речь, образ.

I.A.TURLYBEKOVA, S.S. NURKENOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Zh.T. OSPANOVA

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

METAPHOR TYPES AND PECULARITIES OF THE PHRASEOLOGICAL UNITS CHARACTERIZING SPEECH BEHAVIOR (ON THE BASIS OF T. SAUKETAYEV'S NOVEL "I AM CRAZY")

Annotation. Phraseological units are linguistic units that transmit folk wisdom, national information, culture to subsequent descendants. When describing the picture of the world, phraseological units under the pen of writers become a symbol of a peculiar style, enliven the author's language, and become an effective bright tool in creating a speech description of the protagonist.

This article discusses the forms of use in prose of phraseological units that characterize speech behavior. As phraseological units expressing speech behavior, we consider phraseological units which are used to describe the content, method and

conduct of a conversation, unwillingness to continue and start a conversation.

Each artistic text reflects the spiritual wealth and folk art, the culture inherent in one era, which arose in that period, reaching generations. To start the study, phraseological units of speech behavior were selected from phraseological dictionaries. Among the phraseological units that reflect speech behavior, phraseological units that characterize the unwillingness to conduct a conversation, the way of conducting a conversation and the content of the conversation were selected in the article.

The study included phraseological units of speech behavior written in the tragi-comedy genre from the novel "I am crazy" by the famous modern writer Turysbek Sauketaev. The novel masterfully illustrates the actual problems of our time and describes various moments. The meanings of phraseological units of speech behavior are discussed in the article.

In this work, based on the classification of metaphors of the linguist A.P. Chudinov, phraseological units denoting speech behavior in T. Sauketaev's novel, which belong to certain types of metaphors, are identified.

The purpose of the study is to show the specific features of phraseological units that characterize the speech behavior found in this literary work.

Keywords: phraseological unit, metaphor types, metaphor, speech, image.

References

1. Maslova V.A. Lingvokülturologia. – M.: Akademia, 2001. – 208 s.
2. Shanskij N.M. Frazеologiya sovremennogo russkogo yazyka. – M.: Vysshaya shkola, 1985. – 160 s.
3. Lakoff Dzh., Dzhonson M. Metafory, kotorymi my zhivem. – Moskva: Editorial URSS, 2004. – 253 s.
4. Chudinov A.P. Kognitivno-diskursivnoe issledovanie politicheskoy metafory. Voprosy kognitivnoy lingvistiki. – № (001). – 2004. – S. 91-105. <https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivno-diskursivnoe-issledovanie-politicheskoy-metafory>
5. Säuketaev T. Men – jyndymyn. Äjua aralas müñly roman. Türysbek Säuketaev. – Almaty: İP Volkova E.V. 2019 – 288 b.
6. Keñesbaev I. Frazеologialyq sözdik. – Almaty: Arys, 2007. – 800 b.
7. Smağūlova G. Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıgı / G. Smağūlova. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 398 b.
8. Ospanova Z., Tolybayeva K., Nurkenova S., Duisekova K., Baltabayeva G. Lingua and culture study research on indirect communication cognitive metaphor // Xlinguae. – 13(2). – P. 157-165. doi:10.18355/XL.2020.13.02.13. http://xlinguae.eu/2020_13_02_13.html
9. Kozhakhmetova A., Ospanova Z., Mussatayeva M., Bissenbayeva Z. Axiological concepts of journalistic texts (lingua-stylistic analysis) // Xlinguae. – 13(2). – 225-234. doi:10.18355/XL.2020.13.02.19. http://xlinguae.eu/2020_13_02_19.html
10. Abdikerimova G., Duisekova K., Bissenbayeva Z. The value dominant "Laicite" as part of the media picture of the world of France // Xlinguae. – 13(1). – P. 75-85. doi:10.18355/XL.2020.13.01.06. http://xlinguae.eu/2020_13_01_06.html
11. Duisekova K., Issabekova S., Zagidullina A., Beysembayeva G., Bakitov A., Ziak P.

Structural and functional types of lexical units, their expressiveness. [Types structurels et fonctionnels des unités lexicales, leur expressivité] // *Xlinguae*. – 14(4). – P. 254-263. doi:10.18355/XL.2021.14.04.17. http://xlinguae.eu/2021_14_4_17.html

12. Toqsambaeva A.O. Qazırgı qazaq prozasynyñ körkemdik erekşelıgı // *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy*. – №3/2022. – Astana, 2022. – B. 188-197. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18>

13. Alimbaev A.E. Qoja Ahmet İasauı hikmetterindegi ğümyr filosofıasy // A.Q. Qūsayınov atyndağy *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy*. – № 1/2023. – Astana 2023. – B. 167-179. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.13>

14. Rainbekova G.S. Frazеologizmderdiñ kontekste körinu erekşelikteri // A.Q. Qūsayınov atyndağy *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy*. – № 1/2023. – Astana, 2023. – B. 113-128. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.09>

15. Aimūhambet J.Ä., Mirazova M.N., Alimbaev A.E. Äpsanalardağy «qasietti su» turaly motivterdiñ poetologıasy // *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy*. – №3/2022. – Astana, 2023. – B. 113-124. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.11>

16. Zaikenova R.Z., Şarap A.U. Tūrysbeک Säuketaevtyñ «Men – jyndymyn» romanyndağy bügingı zaman мәseleleri // *Qazaq ũlttyq qyzdar pedagogikalыq universitetiniñ Habarşysy*. – № 1(85), 2021. – B. 115-123.

Авторлар туралы мәлімет:

Турлыбекова Инкар Алтынбековна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Турлыбекова Инкар Алтынбековна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Turlybekova Inkar Altynbekovna – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Оспанова Жанна Толубайқызы – философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Оспанова Жанна Толубаевна – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Ospanova Zhanna Tolyubaevna – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

Нуркенова Сауле Слямбековна – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры м.а., Астана, Қазақстан.

Нуркенова Сауле Слямбековна – кандидат филологических наук, и.о. профессора Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Nurkenova Saule Slyambekovna – candidate of philology, acting professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.